

Жаңақала ауданы Жаңақала ауылдық округінің Жаңақала ауылы аумағында шектеу іс-шараларын белгілеу туралы

Күші жойған

Батыс Қазақстан облысы Жаңақала ауданы Жаңақала ауылдық округі әкімінің 2015 жылғы 13 сәуірдегі № 15 шешімі. Батыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 22 сәуірде № 3895 болып тіркелді. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Жаңақала ауданы Жаңақала селолық округі әкімінің міндетін атқарушысының 2017 жылғы 19 қазандағы № 40 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Жаңақала ауданы Жаңақала селолық округі әкімінің міндетін атқарушысының 19.10.2017 № 40 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы", 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңдарына сәйкес, "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Жаңақала аудандық аумақтық инспекциясы" мемлекеттік мекемесі басшысының 2015 жылғы 8 сәуірдегі № 101 ұсынысы негізінде және жануарлардың аса жұқпалы ауруларының ошақтарын жою мақсатында, ауылдық округ әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Жаңақала ауданы Жаңақала ауылдық округінің Жаңақала ауылы аумағында мүйізді ірі қара малынан бруцеллез ауруының шығуына байланысты шектеу іс-шаралары белгіленсін.

2. Жаңақала ауылдық округі әкімі аппаратының бас маманы (А. Гумаров) осы шешімнің әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде және бұқаралық ақпарат құралдарында оның ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Ауылдық округ әкімі

Е. Танзенов